
Кәсіпорынның банкротқа ұшырау қауіптілігін талдау

«Банкроттық туралы» Қазақстанда үш заң актісі қабылданды.

Бірінші заң: 1992 жылы 14 қаңтарда

Екінші заңы: 1995 жылы 7 сәуірде

Үшінші заңы: 1997 жылы 21 қаңтарда

Қазақстан Республикасының Президенті
«Банкроттық туралы» Заң күші бар
нормативтік-құқықтық актіге қол қойды.

Кәсіпорынның банкротқа ұшырауын былай бөлуге болады:

- кәсіпорынды дұрыс басқармағандықтан туындаған банкроттылық (маркетингтік стратегияны ойластырмағандықтан);
 - ұдайы өндірісті қолданудағы өнім сұранысын кеңейтіп жүзеге асыруда инвестициялық ресурстың жетіспеушілігінен туындаған банкроттылық;
 - келісілген өндірістегі өнімнің бәсекеге қабілетсіздігінен туындаған банкроттылық.
-

Банкроттықтың пайда болуының негізгі себептерін келтірейік:

- Шаруашылық жүргізу жағдайын жасаудың объективті себептері:
 - Экономиканы реформалаудың нормативті және заң шығаратын базаларының, қаржылық, ақша, несие, салық жүйелерінің жетілмегендігі;
 - Инфляцияның аса жоғары деңгейі;
 - Фирманың құнды қағаздарының нарықтық құнының төмендеуі;
 - Бәсекелестіктің жоғары деңгейі және соның нәтижесінде пайда болған сәйкес келмейтін өндіріс шығындары төмендемей, өнім бағасының төмендеуі.
-

Шаруашылық жүргізуге тікелей қатысты субъективті себептер:

- ❑ банкроттықты уақытында болжап және келешекте одан сақтана алмауы;
 - ❑ жарнама, өтімділік жүйесінің болмауы, сұранысты дұрыс зерттемегендіктен сату көлемінің төмендеуі;
 - ❑ өндіріс көлемінің төмендеуі;
 - ❑ ұқсас, бірақ сапасы жоғары өнімдердің бағасына кейбір түрлердің бағаларының жақындауы;
 - ❑ ақталмаған жоғары шығындар;
 - ❑ өнімнің төменгі рентабельділігі;
 - ❑ өндіріс циклінің өте көлемді болуы;
 - ❑ үлкен қарыздар мен өзара төлей алмаулар;
-

Кәсіпорын банкроттылығының түрлері:

- **Нақты банкроттылық.** Кәсіпорынның болашақ кезеңде өзінің қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге толық қабілетсіз.
 - **Техникалық банкроттылық.** Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін сипаттайды, яғни дебиторлық қарызының мерзімінен өтіп кетуінің себебінен. Кәсіпорынның дебиторлық қарыз көлемі кредиторлық қарыз көлемінен артық болады, ал активтерінің сомасы қаржылық міндеттемелер көлемінен артық болады.
-

-
- **Әдейі банкроттылық.** Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін басшысы немесе құрылтайшысы әдейі жасайды. Кәсіпорынды өзінің мүддесі немесе басқа тұлғаның мүддесі үшін экономикалық зардапқа әкеледі.
 - **Тиімді банкроттылық.** Несиелік міндеттемелерінің мерзімін ұзарту немесе несиелік қарыз сомасын жеңілдету мақсатында кәсіпорын өзінің өтірік төлем қабілетсіздігін кредиторларға жариялаумен сипатталады.
-

Банкротқа ұшыраудың негізгі себептері мыналар:

- Экономикалық факторлар – 47,4%⁶
 - Қаржылық қиыншылықтар – 38,4%,
 - Кәсіпкерлік тәжірибенің болмауы – 7,1%,
 - Кәсіпкелік нәтиженің жаман болуы – 3,4%,
 - Басқалар – 3,7%
-

Банкротқа ұшырау себептері сыртқы және ішкі де сипатқа ие болуы мүмкін. Сыртқы факторларға жалпы экономикалық құлдырау, процент ставкасының өзгеруі, мемлекеттік саясаттағы өзгеріс, анағұрлым жетілген құрылыс материалдары мен құбылыс өндірісі технологиясының пайда болуын жатқызуға болады. Іс – жүзінде бұл сыртқы әсерлер барлық фирмаларға бірдей, бірақ кейбіреулері оларға төтеп беріп, қызметін одан ары қарай тиімді жүргізе алуда, ал басқалары сәтсіздікке ұшырауда.

Көптеген зерттеушілер кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын келесі бағыттар бойынша бөліп қарастыруды қалайды:

- Банкротқа ұшырамаумен байланысты.
 - Алдағы залалардың алдын алу мақсатымен.
 - Қажетті нәтижені ала алмау себебіне байланысты, мысалы, салынған капиталдың пайдалылық процентінің төмен болуы.
 - Зейнеткерлік жасқа жетуге немесе денсаулық жағдайына байланысты кету, пайда табу мақсатында немесе басқа бизнесті бастау мақсатында бизнесті сату сияқты себептерге қатысты.
-

Кәсіпорын қызметінің тоқтатылу себептері

Кәсіпорын қызметінің тоқтатылу себептері	Кәсіпорындар саны	Жалпы кәсіпорындар санындағы % үлесі
Банкротқа ұшырау	179	3,4
Алдағы залалдардың алдын алу	415	8,0
Қалаған нәтижесін ала алмау	267	5,1
Зейнеткерлікке немесе денсаулық жағдайына байланысты кету	126	2,4
Пайда табу мақсатымен сату	919	17,6
Белгісіз себептерімен	326	6,3
Бизнестегі сәтсіздікке алып келген басқа себептер	277	5,3
